

№22 жалпы орта білім беретін мектептің Қамқоршылық кеңес отырысының

№3 хаттамасы

04.12.2020 жыл (онлайн)

Қатысқандар : (Қамқоршылық кеңес мүшелері)

1. Қанаев Мұхамбет – кеңес төрағасы
2. Ганиева Гүлдерай –кеңес мүшесі
3. Шынжырбаева Ардақ – кеңес мүшесі
4. Адилов Нұрбөлек – кеңес мүшесі
5. Қоңырбаев Мажит – кеңес мүшесі
6. Кетебаева Айсара– кеңес мүшесі
7. Онгаршиев Мәлік– кеңес мүшесі
8. Елсейтова Сәуле– кеңес мүшесі
9. Құрманбаев Айтқали– кеңес мүшесі

Мектеп директорының міндетін атқарушы С.Молдакулова, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Абдешева, әлеуметтік педагог М.Өткелбаева және сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. 2020 жылғы 25 желтоқсан күні өтетін Аудан әкімінің Қайырымдылық «Ғажайыпқа толы жаңа жыл!» атты Жаңа жылдық шыршасына жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, аз қамтылған, және көп балалы отбасылардан шыққан балалар, даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды ұсыну.

Тыңдалды:

1. С.Молдакулова – директордың міндетін атқарушы
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Е.Қошановтың 2020 жылғы 21 қарашадағы № 20-3801-2 тапсырмасына және Атырау облысы білім беру басқармасының 2020 жылғы 27 қарашадағы №306 бұйрығына сәйкес аудан әкімінің Қайырымдылық

жаңа жылдық шыршаға қатыстырылатын оқушыларды ұйымдастырып, өткізу тапсырмасын орындау.

2. М.Өткелбаева – әлеуметтік педагог

Аудан әкімінің Қайырымдылық шыршасына жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан және даму мүмкіндіктері шектеулі төмендегі балаларды мектеп әкімшілігі ұсынамыз.

1. Нурлыбек Аружан 9-сынып оқушысы. Толық жетім. Қазіргі уақытта апасы М. Амангалиеваның қамқорлығында тәрбиеленіп жатыр.

2. Әжібаев Еркеғұлан 10-сыныпта білім алып отыр. Әлеуметтік жағдайы жартылай жетім. Анасы Мунатова Моншак Жаңа Қаратон кентінде орналасқан «Балдырған» балабақшасында шаруашылық меңгерушісі болып қызмет етеді.

3. Женисова Ақерке 9-сынып оқушысы. Жартылай жетім. Анасы Умирзакова Айнур ESS мекемесінде пекарь болып жұмыс жасайды.

4. Амангельдина Диляра 8-сыныпта үйден білім алып жатыр. Бала жасынан мүгедек. Әкесі Ищанов Есбол «КРНУ» мекемесінде оператор, анасы Курмангалиева Жумагуль №18 мектепте бастауыш сынып мұғалімі.

5. Рысов Аманбек 8-сыныпта білім алушы. Әлеуметтік жағдайы жартылай жетім. Әкесі Есмағанбетов Бағытжан жұмыста.

6. Аманқосұлы Шалқар 7-сынып оқушысы. Көп балалы отбасыдан шыққан. Жартылай жетім.

7. Имандосов Бексұлтан 7-сыныпта оқып жатыр. Жартылай жетім. Анасы Адильбекова Бибигуль көп балалы ана.

8. Абайқызы Раулан 6-сыныпта үйден оқитын бала жасынан мүгедектігі бар оқушы. Әкесі Узакбаев Абай «Сичим» мекемесінде бригадир, Кусайнова Меруерт үйде, жұмыссыз.

9. Серикова Актоты 7-сыныпта оқиды. Әлеуметтік жағдайы жартылай жетім. Анасы №22 жалпы орта білім беретін мектепте күзетші.

10. Жұлдызбай Мансұр 4-сынып оқушысы. Бала жасынан мүгедектік қағазы бар. Әкесі Курманбаев Айтқали «КазМұнайГаз» оператор, анасы Аязбаева Злиха көп балалы ана, Жаңа Қаратон кенті №23 жалпы орта білім беретін мектепте директор қызметін атқарады.

3. М. Қанаев – қамқоршылық кеңес төрағасы

Біз қамқоршылық кеңес мүшелері Аудан әкімінің Қайырымдылық «Ғажайыпқа толы жаңа жыл!» атты шыршасына COVID-19-ға байланысты шектеу шараларын сақталған жағдайда жоғарыда

ұсынылып отырған оқушыларды қатынастыруға сай келеді деп есептейміз.

Ағымдағы айтылған мәселе бойынша сынып жетекшілер өз ұсыныстарын білдіріп, өз сыныптарынан шыршаға қатынасуға лайықты деген оқушылардың ұсынды. Қамқоршылық кеңес мүшелері аталған мәселелер бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірді.

Қаулы:

1. Аудан әкімінің Қайырымдылық шыршасына жоғарыда аталған қамқорлықтағы, жартылай жетім, даму мүмкіндіктері шектеулі балалар қатыстырылсын.
2. Оқушының талапқа сай дайындығы, денсаулығы мен өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету сынып жетекшілеріне міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



М.Ж. Қанаев

А.Қ.Шанжырбаева